

Дене шынықтыру.
Тақырыбы: "Құстар".
Мақсаты: Балалардың ыңғайлы қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау, оларды қимыл-қозғалыс дағдыларын жетілдіруге бағытталған жаттығуларға баулу; балаларды тепе-теңдікті сақтауды дамыту үшін сигнал бойынша жүруді үйрету - шектеулі жерде жүру (екі сызық арасында), қимылдарды үйлестіру, ептілік; іздерді аяқ басумен салыстыра отырып, жол бойымен жүруді үйрету, қимылды ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру.

Менің отбасым /Моя семья / My family// (2-апта)

Мақсаты. Балалардың отбасы мүшелеріне, олардың әрекеттеріне деген қызығушылық тудыру, қуаныш сезімдерін білдіруге үйрету.

<p>Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты.</p>	<p>Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Мысық". Мақсаты: Балаларға жүруді сигнал бойынша бастауға, белгілі бір сигналға бойынша бағытты өзгерте отырып жүруге және жүгіруге үйрету, еңбектей білу қабілетін дамыту, шектеулі жерде жүру қабілетін шоғырландыру, педагог пен балалар арасындағы ізгілікті және сенімді қарым-қатынасты дамыту.</p>	<p>Көркем әдебиет. Тақырыбы: "Отбасы туралы санамақ". Мақсаты: "Балаларда отбасы туралы түсінік қалыптастырып, «отбасы» ұғымымен, отбасы мүшелерінің бәрі бір - біріне қамқорлық жасайтынын және жақсы көретінін түсіндіру; Балалардың диалогтық сөйлеуін, көуу арқылы қабылдауы мен есту арқылы қабылдау қабілеттерін дамыту, балаларды отбасы туралы әңгімелеуге шақыру, қол бұлшықеттері мен саусақтардың ұсақ моторикасын, мәтінге сәйкес қимыл-қозғалыс жасау алу қабілетін дамыту, тақырып бойынша сөздік қорын байыту және жандандыру, ауызекі сөйлеу тілін, жай сөйлемдермен жауап беру қабілетін дамыту; Баланың отбасына деген сүйіспеншілік және қамқорлық сезімдеріне баулу, бірлескен ойындарға қатысуға деген ұмтылыс қалыптастыру, өздігінен әрекет етуге деген талпынысқа, дербестікке, көрген дүниесіне эмоционалды жауап беруге тәрбиелеу. Педагог баланың көркем сөзді тұтас қабылдауының бастапқы формаларын қалыптастырады: эмоционалды жауап беру, қарапайым мазмұнды түсіне алу. Шағын өнер түрінің қарапайым элементтерін қабылдау қабілетін дамыту. Оқылған туындыны басқа жаққа көңіл бөлмей мұқият тыңдай білуге баулу."</p>	<p>Жаратылыстану. Тақырыбы: "Отбасы". Мақсаты: Балаларда отбасы және отбасы мүшелері туралы түсінік қалыптастыру. Есте сақтауды, сөйлеуді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Отбасындағы жағымды қарым-қатынасты, өзара көмекке, барлық отбасы мүшелеріне деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.</p>	<p>Музыка. Тақырыбы: "Қанекей, билейік!". Мақсаты: Музыкаға деген қызығушылықтарын тәрбиелеу, көңілді сипаттағы музыканы түсіну және эмоцияларын шығарып қабылдау; ересек адамға еліктеп, қайталап әндету, көрсетілген қимыл қазғалыстарды қабылдау және қайталау; дауылпаз қоңырау музыкалық аспаптар дыбыстарын тани білу, төмен және биік дыбыстары жақсы көретін ойыншықтар арқылы ажырата білу.</p>	
	<p>Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Күшік". Мақсаты: Балаларға жүруді сигнал бойынша бастауға, белгілі бір сигналға бойынша бағытты өзгерте отырып жүруге және жүгіруге үйрету, еңбектей білу қабілетін дамыту, шектеулі жерде жүру қабілетін шоғырландыру, педагог пен балалар арасындағы ізгілікті және сенімді қарым-қатынасты дамыту.</p>			<p>Мүсіндеу. Тақырыбы: "Әжеге арналған бауырсақ". Мақсаты: Балаларды ермексазбен таныстыру. Ермексазбен жұмыс істедуді үйрету. Алақанның айналма қозғалысымен дөңгелек пішінін жасау, дөңгелек пішінді елестетуді қалыптастыру. Ұсақ қол моторикасын, ынтасын дамыту. Мүсіндеуге қызығушылығын дамыту.</p>	

Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Қуыршақ Дана мен қуыршақ Айяны жаттығуға үйрету". Мақсаты: Балаларды жүру және жүгіру кезінде көрсетілген бағытты ұстануға үйрету, бір-біріне кедергі келтірмей әр түрлі бағытта жүгіруге үйрету, зейінін дамыту.				
--	--	--	--	--

Табиғат әлемі/ Мир природы / Natural world // (3-апта)

Мақсаты. Балалардың қоршаған табиғаттың бірнеше құбылыстарына, ауа райындағы бас ерекшеліктерге қызығушылық тудыру, жағымды эмоционалды жауаптарды тудыру.

Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты.	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Бізде қонақта орман бағбаны". Мақсаты: Балаларды жүру және жүгіру кезінде көрсетілген бағытты ұстануға үйрету, бір-біріне кедергі келтірмей әр түрлі бағытта жүгіруге үйрету, зейінін дамыту.	Сөйлеуді дамыту. Тақырыбы: "Ғажайып қап". Мақсаты: Балаларды табиғаттағы тіршілік иелерімен таныстырып, оларды атауға үйрету; балалардың сөздік қорын, тілдің грамматикалық құрылымын, дыбыстық мәдениетін, сөздік қорларын дамыту; ересектердің сөзін тыңдай білуге, жеңіл тапсырмаларды орындай білуге, дұрыс әрекет жасай білуге үйрету; оқу қызметіне, бір - бірімен қатынас жасай білуге, достыққа тәрбиелеу.	Сенсорика. Тақырыбы: "Матрешка". Мақсаты: Жиналмалы ойыншықпен (матрешкамен) әрекет жасауды үйрету, шамасына және жағдайына байланысты біріктіру; балалардың саусақтарын дамыту; ""үлкен-кішкентай "" ұғымдарын енгізу; матрешкалармен ойнауға қызығушылықтарын арттыру.	Музыка. Тақырыбы: "Әлди-әлди". Мақсаты: ҰОҚ-не қызығушылықтарын қалыптастыру, таныс әндерді білу; ересек адамға еліктеу дағдыларды ары қарай үйрету жолдарын жалғастыру; көрсетілген қимыл қазғалыстарды қабылдау және қайталау.
	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Орман бағбанына қонаққа барамыз". Мақсаты: Балалардың шектеулі зат үстімен жүру қабілетін бекіту; арқанның астынан өтуге, затты оң және сол қолмен қашықтыққа лақтыруды үйрету, шашыраңқы жүру және жүгіру, белгілі бір бағытта жүгіру қабілеттерін дамыту.			Сурет салу. Тақырыбы: "Шалғындағы шөп". Мақсаты: Жасыл түсті басқа түстерден ажырата білуге, қысқа, серпімді соққылар жасауға, қарындашпен жұмыс істеуге үйрету.
	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Қуыршақ Дана мен күшікке қонаққа барамыз". Мақсаты: Белгіге әрекет етуге қабілеті мен зейінін дамыту; шашыраңқы жүру және жүгіру, белгілі бір бағытта жүгіру; төрт аяғымен еңбектеді және арқанның астымен еңбектеп өтуді, жол бойымен бірінен соң бірі жүруді, қораптан үстіне көтеріңкі және төмен түсуді, затты оң және сол қолмен қашықтыққа лақтыруды үйретуді жалғастыру; сабаққа деген қызығушылықтарын жіне өзбетімен жаттыға білуге тәрбиелеу.			

Менің Қазақстаным/ Мой Казахстан / My Kazakhstan // (4-апта)

Мақсаты. Көркем сөз үлгілеріндегі "Қазақстан" сөзіне және ұғымына байланысты оқиғаларға қызығушылық тудыру, жағымды эмоцияларға бөленуге үйрету.

<p>Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты.</p>	<p>Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Алға Қазақстан!". Мақсаты: Балаларды гимнастикалық тақтада ересек адамның көмегінсіз жүруге үйрету; тепе-теңдікті сақтауды үйрену; балаларда ептілік пен жылдамдықтарын дамыту; дененің, қолдың және аяқтың бұлшықеттерін дамыту; дене тәрбиесіне деген сүйіспеншілікті тәрбиелеу.</p>	<p>Көркем әдебиет. Тақырыбы: "Қазақстан – Республикам менің" (Д. Әбілевтың өлеңін оқу). Мақсаты: Балаларды Д.Әбілевтың «Қазақстан - Республикам менің» шығармасымен таныстыру. Өлеңді мұқият тыңдап, мағынасын түсінуге, мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге үйрету. Отан туралы білімдерін тиянақтау. Ойлау, сөйлеу қабілетін дамыту. Отанға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.</p>	<p>Жаратылыстану. Тақырыбы: "Айжан қуыршақ Қазақстан туралы әңгімелейді". Мақсаты: Балалардың өздері тұратын ел туралы түсініктерін қалыптастыру; Қызығушылықты, байқағыштықты, сөйлеуді, есте сақтау қабілетін дамыту; өз Отанына деген патриоттық сезімдерін көтеру.</p>	<p>Музыка. Тақырыбы: "Шапалақтайық та ойнайық". Мақсаты: Өн айту тәсілдерін жетілдіру, қайталанатын сөздерді әндетіп айтуға үйрету ("мяу-мяу", "аф-аф"); көңілді сипаттағы музыканы түсіну және эмоцияларын шығарып қабылдау; ересек адамға еліктейтін, өн салатын нақыштарды қалыптастыру; Балаларды жаңа ырғақтық қимыл- қозғалыспен таныстыру; таныс әндерге қосылып әндетуге қызығушылықтарын арттыру; "Күн мен бұлт" балалар ойында көңілді және баяу музыканы ажыратуға үйрету.</p>	
	<p>Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Жалауды жоғары көтереміз". Мақсаты: Белгіге әрекет етуге қабілеті мен зейінін дамыту; шашыраңқы жүру және жүгіру, белгілі бір бағытта жүгіру; төрт аяғымен еңбектеді және арқанның астымен еңбектеп өтуді, жол бойымен бірінен соң бірі жүруді, қораптан үстіне көтерілу және төмен түсуді, затты оң және сол қолмен қашықтыққа лақтыруды үйретуді жалғастыру; сабаққа деген қызығушылықтарын және өз бетімен жаттығуға білуге тәрбиелеу.</p>			<p>Мүсіндеу. Тақырыбы: "Бәйтеректің шары". Мақсаты: Балалардың қабылдауын қалыптастыру, алақанның айналма қозғалысымен ермексазды есуді білу, домалақ пішінді заттарды мүсіндеуді бекіту. Мүсіндеуге қызығушылық білдіруге тәрбиелеу.</p>	
	<p>Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Жалаушаны жоғарыға көтереміз". Мақсаты: Жаттығуларды орындау кезінде балаларды педагогтың сигналына тез және нақты әрекет үйрету. Физикалық дамудың қарапайым түсініктерін қалыптастыруды жалғастыру: ептілік, төзімділік, батылдық. Гимнастикалық тақтада жүргенде тепе-теңдікті сақтай білуге жаттығу, қораптан жоғары және төмен түсу, төрт аяқтап еңбектеу және арқанның астымен жүруді үйретуді жалғастыру, затты оңға және сол қолмен қашықтыққа лақтыру, сабаққа деген қызығушылық және өз бетімен жаттығуға тәрбиелеу.</p>				